



«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2024-2033 жылдарға арналған
Даму стратегиясы

Редакция 1

22 беттің 1 беті

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2024-2033 жылдарға арналған Даму стратегиясы
Жария нұсқасы

Құжаттың иесі	«Стратегия және Экономикалық талдау» департаменті
Редакциясы	1
Жыл	2024

Астана қ.



Мазмұны	2
1. Қысқаша түйіндеме, мақсаты және қолданылу саласы	3
2. Ағымдағы жағдайды талдау	4
2.1. Сыртқы ортаны талдау	4
2.1.1 Электр энергетикасы саласындағы жаһандық үрдістер	4
2.1.2 Сыртқы ортаның негізгі факторлары	6
2.2. Ішкі ортаны талдау	7
2.2.1 Қоғамның ағымдағы қызметі	7
3. Миссия және пайымдау	10
4. Қызметтің стратегиялық бағыттары, мақсаттары мен міндеттері	10
4.1. Стратегиялық бағыт – энергия қауіпсіздігі	12
4.1.1 Халықаралық ынтымақтастық арқылы базалық және маневрлік қуатты салу жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру	11
4.1.2 Қазіргі заманғы технологияларды қолдана отырып, қолданыстағы активтерді жаңғырту және реконструкциялау	12
4.1.3 Уақтылы және сапалы техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жүргізу	13
4.1.4 Жеткізу тізбегінің сенімділігін қамтамасыз ету	13
4.2. Стратегиялық бағыт – тиімділік	14
4.2.1 Энергия тиімділігін арттыру және энергия үнемдеу технологиялары мен процестерін енгізу	13
4.2.2 Активтерді басқару құрылымын оңтайландыру	14
4.2.3 Операциялық тиімділікті жақсарту (өзіндік құнын, бизнес-процестерді оңтайландыру)	14
4.2.4 Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету	14
4.2.5 Жасанды интеллектті қоса алғанда, заманауи цифрлық шешімдер мен технологияларды енгізу	15
4.2.6 Заңнамалық бастамаларды қалыптастыру және тарифтерді белгілеу	15
4.2.7 Табыстылығы қолайлы инвестициялық жобаларды белгіленген мерзімде және бағамен іске асыру	15
4.3. Стратегиялық бағыт – энергияға көшу	16
4.3.1 ЖЭК және СЭС инвестициялық жобаларын іске асыру және халықаралық ынтымақтастық	16
4.3.2 Көміртек ізін декарбонизациялау және азайту	17
4.3.3 Қалдықтарды қайта өңдеу және пайдаға асыру тәжірибелерін енгізу (күл қождарын пайдалану)	18
4.3.4 Энергияны жинақтау жүйелерін қолдану есебінен ЖЭК генерациялау объектілерінен тұрақты электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету	18



4.3.5 Ластаушы заттар шығарындыларының деңгейін азайту.....	18
4.3.6 Өндірістерді оқшаулау.....	18
4.4. Стратегиялық бағыт-тұрақты даму	20
4.4.1 Корпоративтік басқару тиімділігін арттыру және сәйкестік	19
4.4.2 Климаттық тәуекел менеджментін енгізу.....	21
4.4.3 Адами капиталды дамыту	21
4.4.4 Әлеуметтік кепілдіктерді, әлеуметтік тұрақтылық пен қорғауды қамтамасыз ету	20
4.4.5 Н & S бойынша озық тәжірибелерді қолдану арқылы өндірістік жарақаттану деңгейін төмендету	20
4.4.6 Негізгі стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл тиімділігін арттыру	20
4.4.7 Жаңа жобаларды іске асыру кезінде суға, биоәртүрлілікке және топыраққа зиянды азайту бойынша заманауи тәжірибелерді енгізу.....	22



1. Қысқаша түйіндеме, мақсаты және қолданылу аясы

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2024-2033 жылдарға арналған Даму стратегиясы Компания миссиясын, пайымын, стратегиялық бағыттарын, мақсаттары мен міндеттерін айқындайтын және негіздейтін басты құжат болып табылады.

Стратегияны өзектендіру қажеттілігі сала мен Компания деңгейіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр, мәселен, елдегі 2024 жылғы 2,8 ГВт-тан 2030 жылғы 6,24 ГВт-қа дейінгі мөлшерде өсіп келе жатқан энергия тапшылығы жаңа базалық қуаттарды салуды талап етеді, басты бағдардың жаңартылатын энергия көздерінің (ЖЭК) қуатын 2030 жылға дейін 6,2 ГВт-қа кеңейтуді көздейтін жасыл энегетикаға ауысуы, соның негізінде маневрлік қуаттарды (бу-газ қондырғылары, гидроэлектростанциялар (ГЭС), энергияны жинақтау жүйесін) дамыту қажеттілігі, автономды жинақтағыштар (ГАЭС) және «Самұрық-Энерго» АҚ негізгі көрсеткіштеріне олардың әсерін бағалауды талап ететін инвестициялық жобалардың қарқынды түрде өсіп келе жатқан тізбесі.

Қазіргі уақытта жаһандық энергетика энергетикалық трилемма элементтері: сенімділік, қолжетімділік және тұрақты энергиямен қамтамасыз ету арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті табудың ауқымды міндетімен бетпе-бет келіп отыр. Қазақстан Республикасының электр энергетикалық секторында халықтың төлем қабілеттілігінің төмендеуімен байланысты әділ және қолжетімді бағамен энергиямен қамтамасыз ету қажеттілігінен туындаған теңгерімсіздік байқалады. Қазақстанның климат жағдайлары энергетикалық инфрақұрылымның дизайнына да әсер етеді. Бұл ретте жаңартылатын энергия көздерінің жылу энергиясын арзан және тұрақты жеткізуді қамтамасыз ете алмауын ескеру қажет. Осыған байланысты қазіргі уақытта энергетика саласындағы негізгі квазимемлекеттік компания ретінде Қоғам дамуындағы басымдықтарды айқындайтын энергетикалық қауіпсіздік Қазақстан үшін негізгі қауіп-қатер болып табылады. Ағымдағы басымдықтар көмір бағасының төмендігі, газ қолжетімділігінің төмендігі, маневрлік қуаттың жетіспеушілігі, энергия активтерінің шамадан тыс тозуы, тапшылық және электр энергиясын тұтынудың артуы сияқты сыртқы факторларға байланысты. Жоғарыда айтылғандар Қоғамның ұлттық энергетикалық қауіпсіздікті және елдің энергетикалық инфрақұрылымының орнықтылығын нығайту бағытындағы ағымдағы әлеуметтік бағдарланған рөлін растайды.

«Париж келісімі» және Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясы шеңберіндегі «жасыл» күн тәртібі бойынша міндеттемелер контекстінде, сондай-ақ жаңартылатын энергетика жобаларының инвестициялық тартымдылығының артуын ескере отырып, Қоғам алдағы он жылда стратегия шеңберінде энергетикалық ауысуды іске асыруға және орнықты дамуға күш салуды жоспарлап отыр. Қоғам үшін дамудың бұл бағыты акционерлер үшін күн құра отырып, фокусты әлеуметтік бағыттан коммерциялық бағытқа ауыстырудың алғышарттарын жасайды.

Осы Стратегия «Самұрық-Энерго» АҚ-ның және акцияларының (қатысу үлестерінің) 51%-дан астамы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Энерго» АҚ-ға тиесілі еншілес және тәуелді ұйымдарының барлық құрылымдық бөлімшелері мен лауазымды тұлғаларына қатысты қолданылады.

2. Ағымдағы жағдайды талдау

Ағымдағы жағдайды кешенді талдау мақсатында сыртқы және ішкі органың аспектілері қаралды, олардың шеңберінде жаһандық, ұлттық және корпоративтік деңгейлердегі сын-қатерлер мен мүмкіндіктер айқындалды. Жаһандық деңгейде энергетикалық ауысу, декарбонизация, технологиялық

инновациялар және заңнамалық өзгерістерді қоса алғанда, негізгі әлемдік тенденциялар зерттелді. Ұлттық деңгейде ҚР энергетика секторындағы жергілікті үрдістерге, электр энергиясы мен көмірге сұраныс динамикасына, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ-ның елдің энергетикалық теңгеріміндегі рөліне назар аударылды. Корпоративтік деңгейде корпоративтік басқару жүйесі, экологиялық, кадрлық және әлеуметтік саясат, цифрлық даму сияқты ішкі ресурстар мен процестер талданады. Сондай-ақ, қаржылық-экономикалық жағдайға талдау, бенчмаркинг-талдау және Қоғамның бәсекелестік жағдайына бағалау жүргізілді.

2.1. Сыртқы ортаны талдау

Әлемдік энергетикалық кеңестің энергетикалық трилеммасының тұжырымдамасына сәйкес, елдің энергетикалық жүйесінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін энергиямен қамтамасыз етудің қауіпсіздігі, қолжетімділігі мен тұрақтылығы арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізу қажет. Энергетикалық трилемма элементтері бір-бірімен байланысты және көбінесе бір-біріне қарама-қайшы әсер етеді: электр энергиясымен қамтамасыз етудің сенімділігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ету әрекеттері көбінесе экологиялық тұрақтылықты төмендететін арзан, бірақ зиянды көздерді пайдалануды қамтиды. Сонымен қатар, экологиялық тұрақтылық жаңартылатын қуат көздерінің тұрақсыздығына және маневрлік қуаттың жетіспеушілігіне байланысты энергетикалық сенімділікке нұқсан келтіруі мүмкін, ал энергетикалық жүйенің экологиялық тұрақтылығына инвестициялардың жоғары құны халықтың төлем қабілеттілігі тұрғысынан оның қолжетімділігін шектеуі мүмкін. Осы аспектілердің тепе-теңдігі кешенді тәсіл мен стратегиялық ымыраға келуді талап етеді. Бұл тұжырымдама энергетика саласындағы елдердің алдында тұрған негізгі сын-қатерлерді сипаттайды және энергетика секторындағы жаһандық үрдістермен тығыз байланысты көрсетеді. Трилемма энергетикалық жүйелердің қазіргі жағдайын ғана емес, сонымен қатар әртүрлі мемлекеттердің энергетикалық саясаты мен стратегияларына әсер ететін жаһандық және жергілікті тенденциялар мен факторларды көрсетеді.

2.1.1 Электр энергетикасы саласындағы жаһандық үрдістер

Жаһандық энергетикалық жүйе әртүрлі факторларға, соның ішінде экологиялық мәселелерге, технологиялық инновацияларға, нарықтық күштерге және саяси араласуларға байланысты түбегейлі өзгерістерге ұшырайды. Бұл трансформация климаттың өзгеруінің, энергетикалық қауіпсіздіктің және экономикалық дамудың жаһандық мәселелерін шешу үшін ғана емес, сонымен қатар қоғам мен қоршаған орта үшін жаңа мүмкіндіктер мен артықшылықтар жасау үшін де қажет.

Төмендегі жаһандық тенденциялар энергетикалық жүйенің алдағы отыз жыл ішінде қалай өзгеруі мүмкін екендігі туралы негізгі түсініктерді қалыптастырады:

- Көміртегі бюджеті тез таусылады. Үкіметтің көміртегі ізін азайтуға деген амбициясына қарамастан, 2015 жылы Париж климат конференциясынан бері СО₂ шығарындылары жыл сайын өсіп келеді (2020 жылдан бастап). Шығарындыларды тұрақты азайту бойынша қатаң шаралар неғұрлым ұзақ кешіктірілсе, экономикалық және әлеуметтік шығындар ықтималдығы соғұрлым жоғары болады.

- Әлемнің әртүрлі аймақтарындағы геосаяси шиеленістерден туындаған жаһандық энергиямен қамтамасыз етудің бұзылуы және онымен байланысты энергетикалық тапшылықтар энергетикалық трилемманың үш элементі: қауіпсіздік, қолжетімділік және тұрақтылық арасындағы тепе-теңдікті сақтаудың маңыздылығын көрсетеді.

- Геосаяси тұрақсыздық жаһандық энергетикалық жүйеге ұзақ әсер етеді. Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында дәстүрлі энергия көздеріне сұраныстың қысқа мерзімді ұлғаюына қарамастан, елдер энергетикалық ауысуды жеделдетуге ықпал ететін ұзақ мерзімді перспективада баламалы энергия көздерін белсенді дамытуға ниетті.

— Жанармай балансының өзгеруі: қазба отындарының рөлі азаяды, бұл ЖЭК үлесінің өсуіне және төмен көміртекті отындарға жол береді. Биоотынды (биомассаның қатты түрлері, сұйық биоотын және биогаз) әлемде төмен көміртекті энергия көзі ретінде пайдалану артып, әртүрлі салаларда (көлік, төмен қуатты стационарлық жылу және электр станциялары) парниктік газдар шығарындыларының төмендеуіне ықпал етеді. Парниктік газдар шығарындылары аз заманауи энергетикалық жүйеге көшу альтернативті энергияның әртүрлі түрлерін енгізу үшін заманауи технологияларды қолдануды талап етеді.

- Энергия тиімділігін арттыру – энергетика саласындағы басты трендтердің бірі. Қазіргі заманғы жабдықты пайдалану есебінен электр және жылу энергиясын өндіру объектілері жабдықтарының энергия тиімділігін арттыру қолда бар энергия ресурстарын тиімдірек пайдалануға және энергия өндіру көлемін сақтай отырып, парниктік газдар эмиссиясының көлемін азайтуға мүмкіндік береді. Техникалық ескірген жабдықты ауыстыру кезінде энергияны үнемдейтін технологияларды енгізудің ерекше маңызды әсерін алуға болады.

— Көміртекті ұстау және сақтау технологияларын енгізу парниктік газдар шығарындыларын азайтуға қосымша үлес қосуға мүмкіндік береді: қазба отындарын стационарлық жағу объектілерінен газ парниктерінің тікелей шығарындыларын ұстап қалу. Геологиялық түзілімдердегі көмірқышқыл газын сақтау жүйелері оны қоршаған ортаға енуден оқшаулауға мүмкіндік береді, осылайша саланың декарбонизациясына ықпал етеді. Ұсталған көміртекті пайдалы қолдану құрылымдық материалдарды, аккумуляторларды және т. б. салу және өндіру кезінде мүмкін болады. Сонымен қатар, көміртекті тікелей алу жобаларының рентабельділігі жергілікті биржалардағы бір тонна көміртектің құнына да байланысты.

4D (декарбонизация, орталықсыздандыру, диджитализация (цифрландыру) және реттеу) деп аталатын негізгі төрт негізгі тенденция энергетика секторын қалыптастырады және болашақ үшін тұрақты, сенімді және тиімді энергетикалық жүйені құруға бағытталған. Декарбонизация - бұл қазба отындарынан жел және күн энергиясы сияқты жаңартылатын энергия көздеріне көшуді қамтитын процесс. Бұл тренд реттеуші шаралармен және бизнес пен тұтынушылық саланың тұрақты дамуына қойылатын талаптармен қамтамасыз етіледі. Энергиямен жабдықтауды орталықсыздандыру барған сайын танымал бола бастады, бұл ресурстарды тиімді пайдалануға және электр энергиясының құнын төмендетуге мүмкіндік береді. Цифрландыру таратылған құрылғылардан жиналған деректер арқылы энергетикалық желілерді басқару мен басқарудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Энергетикалық нарықтардың реттелмеуі энергиямен жабдықтаудың тиімді және тұрақты модельдерін дамытуға ықпал ете отырып, бәсекелестікті ынталандырады.

2.1.2. Сыртқы ортаның негізгі факторлары

Бүгінгі таңда жаһандық энергетиканың алдында энергетикалық трилемма компоненттері арасында оңтайлы тепе-теңдікті табуға қатысты ауқымды міндет тұр, бұл ретте компоненттерді теңестірудің басымдығы, әдетте, елдің даму деңгейімен айқындалады және дамушы елдер жағдайында электр энергиясының экономикалық қолжетімділігінен дамыған елдер жағдайында экологиялық тұрақтылыққа ауысады.

Қазақстан Республикасының Электр энергетикасы саласында энергияның әділ және қолжетімді бағамен қолжетімділігі проблемаларына шоғырланған теңгерімсіздік бар. Бүгінде Қазақстанда елдің энергетикалық қауіпсіздігі басты сын-қатерге айналды, бұл ішкі ресурстар есебінен энергетикалық сұранысты қамтамасыз ету қажеттілігін білдіреді.



ҚР энергетика саласындағы негізгі квазимемлекеттік компания «Самұрық-Энерго» АҚ даму векторы трилемма факторларымен: энергиямен қамтамасыз ету қауіпсіздігі, қолжетімділігі және орнықтылығы (энергияға ауысу және орнықты даму) тығыз қарым-қатынастағы сыртқы факторларға байланысты (2-сурет).

1-сурет. Энергетикалық трилемма

<p>01 Низкая стоимость угля Среднемировые цены на уголь значительно превышают цены на уголь в РК, что обосновывает поддержание и развитие проектов угольной генерации</p> <p>02 Низкая доступность газа Отсутствие достаточной инфраструктуры для транспортировки газа в другие регионы обуславливает повышенную долю угольной генерации для покрытия базовой нагрузки</p> <p>03 Нехватка маневренных мощностей Растущий спрос на э/э повышает потребность в маневренных мощностях и обуславливает необходимость поиска решений по развитию ПГУ или альтернативных видов генерации (СНЭ, ГАЭС и пр.)</p> <p>04 Высокий износ энергетических активов Высокий износ энергетической инфраструктуры подчеркивает необходимость обновления и развития станций, особенно в наименее рентабельных сегментах, таких как теплоснабжение</p> <p>05 Дефицит э/э в текущем сценарии Наличие дефицита и растущее потребление э/э свидетельствуют о необходимости активного наращивания мощностей для обеспечения энергетической безопасности РК</p> <p>06 Обязательства по «зеленой» повестке Лидеры энергетической отрасли (в т.ч. СЭ), с большой вероятностью станут драйверами реализации государственных целей в рамках «Парижского соглашения» и Стратегии углеродной нейтральности</p>	<p>07 Рост привлекательности ВИЭ по стоимости Проекты ВИЭ становятся более привлекательными за счет увеличения налоговой нагрузки на традиционные виды генерации и появления дополнительных финансовых и регуляторных мер поддержки ВИЭ</p> <p>08 Улучшенные тарифные условия ВИЭ Правительство предлагает более прозрачные, привлекательные и долгосрочные тарифные условия для строительства объектов возобновляемой энергетики</p> <p>09 Низкая платежеспособность населения Платежеспособность населения в Казахстане остается низкой в сравнении с другими странами, что обуславливает необходимость поддержания доступных цен на электроэнергию и тепло</p> <p>10 Сложные климатические условия Учитывая неспособность возобновляемых источников энергии обеспечить недорогие и стабильные поставки теплоэнергии, развитие ТЭЦ становится неотъемлемой частью энергетической системы РК</p> <p>11 Повестка устойчивого развития по 17 ЦУР Компании интегрируют ESG в стратегию как отдельное направление, целью которого часто является достижение ЦУР</p> <p>12 Влияние УР на инвестпривлекательность и выбор партнера / поставщика Для инвесторов приверженность принципам устойчивого развития является фактором выбора объекта инвестиций</p>
---	---

Трилемма: ■ Надежность снабжения электроэнергией ■ Энергопереход ■ Доступность ■ Устойчивое развитие

2-сурет. «Самұрық-Энерго» АҚ даму векторын қалыптастыратын сыртқы факторлар


2.2. Ішкі органы талдау

2.2.1 Қоғамның ағымдағы қызметі

«Самұрық-Энерго» АҚ активтерінің тізбесі құн тізбесінің әртүрлі кезеңдеріндегі кәсіпорындарды (көмір өндіру, ЖЭС, ГЭС, ЖЭК қоса алғанда, электр энергиясы мен жылу энергиясын өндіру, сондай-ақ электр энергиясын бөлу және өткізу) қамтиды.

Өндірістік активтердің негізгі бөлігі БЭЖ-нің солтүстік аймағында (Павлодар облысы (Екібастұз қ.), Абай облысы (Семей қ. және Өскемен қ. маңындағы Ертіс өзенінің сағасы), ішінара Ақмола

облысы), сондай-ақ БЭЖ-нің оңтүстік аймағында (Алматы қ., Алматы облысы, Түркістан облысы) орналасқан.



3-сурет. Қоғам активтерінің ағымдағы құрылымы

Көмір өндіру сегментінде негізгі активтер «Forum Muider B. V.» компаниясы (үлесі 50%) және оған кіретін «Богатырь Көмір» ЖШС (100%) болып табылады.

Көмір генерациясы «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС (100%) және «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» ЖШС (50%), «Алматы электр станциялары» АҚ (100%), сондай-ақ «Балқаш ЖЭС» АҚ (100%), «Energy Solutions Center» ЖШС (100%), «Көкшетау ЖЭО» ЖШС (50%), «Семей Энерго» ЖШС (50%), «Өскемен Энерго» ЖШС (50%) сияқты кәсіпорындардың қызметі арқылы жүзеге асырылады.


Электр энергиясын тарату және беру саласы «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС (100%) және «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ (100%) арқылы көрінеді.

Гидрогенерацияны «Шардара ГЭС» АҚ (100%), «Мойнақ ГЭС» АҚ (100%), «Бұқтырма ГЭС» АҚ (96,32%), сондай-ақ «Шүлбі ГЭС» ЖШС (100%), «Шүлбі ГЭС» АҚ (92,14%) қоса алғанда, «Өскемен ГЭС» ЖШС (100%), «Өскемен ГЭС» АҚ (89,99%) секілді бірнеше кәсіпорындар ұсынады.

Газ генерациясы енді қалыптасып жатқан «Түркістан БГҚ» ЖШС 100 % (сенімгерлік басқару) арқылы жүзеге асырылады.

ЖЭК негізінде генерациялау секторында Qazaq Green Power PLC (QGP) периметріндегі негізгі активтер «Samruk Green Energy» АҚ (100%), «ПВЭС» ЖШС (100%), «Жетісу энергиясы» ЖШС (25%), Altyn Dala Energy L. t.d. (25%) болып табылады. Бұдан басқа, «Ereymentau Wind Power» ЖШС (100%) кәсіпорны қызмет атқарады.

Компанияның белгіленген қуаты 8 020 МВт құрайды. Белгіленген қуат құрылымында көлемі 5,2 ГВт (64,6%) көмір генерациясы басым, одан кейін 2,6 ГВт (32,2%) гидрогенерация, көлемі 0,1 ГВт (1,8%) газ генерациясы және үлесіне 0,1 ГВт (1,4%) тиесілі ЖЭК объектілері бар.



4 -сурет. «Самұрық-Энерго» АҚ генерациясының ағымдағы құрылымы, МВт (2024 жылдың басы), млн кВтсағ (толық 2023 жыл үшін)

2023 жылы электр энергиясын өндірудің нақты көлемі 40 757 млн кВтсағ құрады. Бұл көлемнің негізгі бөлігі көмір генерациясына тиесілі - 32 054 млн кВтсағ (78,6%), гидрогенерация – 7 890 млн кВтсағ (19,4%), газ генерациясы – 429 млн кВтсағ (1,1%) және ЖЭК — 385 млн кВтсағ (0,9%). Көмір активтері үшін белгіленген қуатты пайдалану коэффициенті 70,6%, гидрогенерация үшін — 34,9%, газ үшін – 33,8%, ал ЖЭК үшін — 38,7% құрайды. Компания бойынша жалпы КИУМ 58,0% құрайды.

Күшті жақтары

- Компанияның ауқымы: ҚР генерациялаушы қуаттарының құрылымындағы елеулі үлес және станциялармен жұмыс істеудің көпжылдық құзыреттері;
- Ағымдағы және жоспарланған генерациялаушы активтердің әртараптандырылған портфелі;
- Саланың дамуына ықпал ету мүмкіндігі;
- Мемлекеттің қатысуымен ірі өндіруші компанияның беделінің арқасында инвестициялық қызметті қаржыландырудың кеңейтілген мүмкіндіктері;
- «Богатырь Көмір» ЖШС көмір өндіруші компаниясымен тікелей интеграцияның арқасында көмір ресурстарының құны бойынша артықшылықтар;
- Жетекші жаһандық энергетикалық ұйымдармен халықаралық ынтымақтастық;

— Мемлекет пен Қор тарапынан қолдау.

Әлсіз жақтары

- Жобаларды іске асыру кезіндегі жоғары борыштық жүктеме;
- Жобалардың әлеуметтік сипатына байланысты инвестициялардың төмен қайтарымы;
- Станциялардың тозуының жоғары деңгейі;
- Екібастұз бассейні көмірінің техникалық сипаттамаларының ерекшеліктеріне байланысты «Богатырь Көмір» ЖШС өнімдерін ҚР шегінен тыс экспорттаудың шектеулі мүмкіндіктері;
- Экологиялық саясат және есептіліктің ESG стандарттарына сәйкестігі бастапқы кезеңде;
- Реттеуші органның шектеулеріне байланысты саладағы тариф белгілеудің өзгеру/әсер ету мүмкіндігінің төмен деңгейі.

Мүмкіндіктер

- Электр энергиясын тұтынудың өсу үрдісі, нәтижесінде нарық үлесін ұлғайту әлеуеті;
- Елдік климаттық және экологиялық міндеттемелер;
- «жасыл» жобалардың инвестициялық тартымдылығын арттыру;
- ЖЭК генерациялау, оның ішінде күн және жел энергетикасын дамыту жөніндегі жобаларды дамыту үшін Қазақстанның игерілмеген климаттық әлеуетінің елеулі көлемі;
- Халықаралық электр энергетикалық интеграциялар есебінен экспортты және қосымша табысты дамыту әлеуеті;
- Экологияға теріс әсерді азайту және энергия жүйесінің маневрлігін қамтамасыз ету үшін газды өтпелі отын ретінде пайдаланудың орта мерзімді өсуі;
- Маневрлікті қамтамасыз ету үшін балама шешімдердің болуы;
- «Таза» көмір (CCS) технологияларын енгізу мүмкіндігі;
- Процестердің тиімділігін арттыру үшін ЖИ, сондай-ақ оңтайландыру технологиялары мен жүйелерінің пайда болуы және қолданылуы;
- Сутегі энергетикасын дамыту.

Қауіптер мен тәуекелдер

- Орта мерзімді перспективада ҚР-да электр энергиясы мен қуат тапшылығының әлеуетті сақталуы;
- ЖЭК жүйелерінің тұрақсыздығы және генерация құрылымындағы ЖЭК үлесінің өсуімен табиғи жағдайларға іргелі тәуелділікті арттыру;
- Маневрлік қуаттың жетіспеушілігі;
- Сенімділікті, энергия қауіпсіздігін және энергия ауысуын теңестіру қажеттілігі;
- Көмір өндіруден бас тартудың әлеуметтік тәуекелдері;
- Экологиялық емес жобаларға халықаралық инвестициялардың тоқтатылуына байланысты көмір жобаларын қаржыландыруға шектеулі қолжетімділік;
- Көрші елдердегі геосаяси жағдайдың тұрақсыздығы. Операциялық қызметке әсер ететін серіктестерге қарсы қайталама санкциялар енгізу ықтималдығы;
- Қоғамның барлық энергоблоктарын қамтамасыз ету үшін көмір тапшылығы қаупі;
- Көмір емес генерацияға көшу көмірге деген сұранысты айтарлықтай төмендетеді;
- Жобалар құнының әлеуетті өсуі.

3. Миссия және пайымдау

«Самұрық-Энерго» АҚ даму векторы электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясат векторымен көп жағынан өзара байланысты. Даму мақсаттары мен бағыттарының сәйкестігі бірінші кезекте мынадай факторлармен айқындалады:

- «Самұрық-Энерго» АҚ-ның саладағы ағымдағы көшбасшылығы. ҚР э/э өндірісінде Компания 36% үлесіне ие (жақын бәсекелестің үлесі екі есе төмен - шамамен 17%).

- Міндетті жобалардың болуы және олардың ел құрылымындағы маңыздылығы. Түйінді жобалар пысықтаудың жоғары дәрежесіне ие (оның ішінде мемлекетаралық деңгейде), тұтастай алғанда энергетикалық жүйе тұрғысынан маңызды болып табылады және ҚР ЭМ-нің 2035 жылға дейінгі даму жоспарларында ресми түрде бекітілген. Жобалар ҚР ЭМ 2035 жылға дейінгі жоспарлары бойынша салынған 26,5 Гвт-тан 15,6 ГВт қосымша қуаттылықты қамтамасыз етеді (59%).



5-сурет. «Самұрық-Энерго» АҚ стратегиялық бағыттары

«Самұрық-Энерго» АҚ миссиясы мен пайымы энергетика саласын орнықты дамытудың негізі - сенімді, қолжетімді және экологиялық таза энергияны қолдаудан тұратын энергетикалық трилемма міндеттеріне қол жеткізуді көрсетеді.

Миссия

Біз елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етеміз және орнықты даму және ресурстарды тиімді басқару қағидаттарын ұстана отырып, жеделдетілген энергия ауысуына ықпал етеміз.

Пайымы

Сенімді серіктестік, адамдарға және қоршаған ортаға қамқорлық қағидаттары негізінде барлық мүдделі тараптар үшін қолайлы экожүйені қалыптастыратын Электр энергетикасы саласының жоғары тиімді инновациялық көшбасшысы.

4. Қызметтің стратегиялық бағыттары, мақсаттары мен міндеттері

«Самұрық-Энерго» АҚ тұрақты дамуын қамтамасыз ету және ұзақ мерзімді мақсаттарға қол жеткізу үшін Компанияның миссиясынан шығатын және Қоғам тиісті әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге барынша ықпал ететін қызмет салаларын білдіретін қызметтің негізгі стратегиялық бағыттары айқындалды.

Энергия қауіпсіздігі. Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізуші бола отырып, «Самұрық-Энерго» АҚ ҚР энергетикалық қауіпсіздігінің кепілі болып қала береді. Сыртқы факторлардың қолда бар шектеулері таяу болашақта базалық және маневрлік генерацияны сақтау және кеңейту қажеттілігіне әкеледі.

Тиімділік. Компания деңгейінде электр энергиясы мен жылудың қолжетімділігін оның қызметінің тиімділігі тұрғысынан басқаруға болады. Электр энергиясы мен жылуды тиімді өндіру жалпы шығындар деңгейін төмендетудің негізгі әдісі болып табылады, бұл қолжетімді бағаны қалыптастыруға көбірек мүмкіндік береді.

Энергетикалық ауысу. Ұзақ мерзімді перспективада Компания энергияға көшу (2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу) бөлігінде мемлекеттік мақсаттарды қолдайтын болады және мемлекеттік саясатқа сәйкес қызметтің фокусын ауыстыра отырып, ЖЭК дамуының драйвері болады.

	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2024-2033 жылдарға арналған Даму стратегиясы	Редакция 1
		22 беттің 12 беті

Тұрақты даму. Орнықты дамуды жүйелі басқару компанияның орнықты даму саласындағы басымдықтарын стратегиялық деңгейде белгілеуге мүмкіндік береді.



6-сурет. «Самұрық-Энерго» АҚ стратегиялық бағыттары, мақсаттары мен міндеттері

4.1. Стратегиялық бағыт – энергия қауіпсіздігі

Стратегиялық мақсат: экономиканың электр қуаты мен электр энергиясына өсіп келе жатқан сұранысын жабуды қамтамасыз ету.

Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізуші бола отырып, «Самұрық-Энерго» АҚ ҚР энергетикалық қауіпсіздігінің кепілі болып қала береді. Қолда бар қуат пен өндіру бойынша электр энергиясының тапшылығы, көмір ресурстарының төмен құны, Солтүстік және Оңтүстік энергетикалық аймақтарда газдың қолжетімділігінің төмендігі, маневрлік қуаттардың жетіспеушілігі, энергетикалық активтердің жоғары тозуы, халықтың салыстырмалы түрде төмен төлем қабілеттілігі және климаттық жағдайлардың күрделілігі сияқты сыртқы орта факторлары ҚР энергетика саласы мен «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Қазақстан Республикасындағы энергетика саласына назар аудару қажеттігін айқындайды, атап айтқанда, таяу болашақта базалық (көмір) және маневрлік (газ) генерацияны кеңейту, дамыту және қолдау.

4.1.1. Халықаралық ынтымақтастық арқылы базалық және маневрлік қуатты салу жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру

Жаңа базалық қуатты салу шеңберінде жалпы белгіленген қуаты 930 МВт болатын үш ЖЭО (Семей қаласында, Көкшетау қаласында және Өскемен қаласында) салу, белгіленген қуаты 2 640 МВт болатын ГРЭС-3 ірі көмір станциясын салу, сондай-ақ №3 және №4 (1100 МВт) блоктарды орнату есебінен ЭГРЭС-2 кеңейту көзделіп отыр.

Үш ЖЭО-ны дамыту үкіметаралық келісімдердің болуын және басқа елдерден электр энергетикасы саласы бойынша әріптестердің қатысуын болжайды.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның энергетикалық жүйенің сенімділігін қамтамасыз етуге және бұл ретте электр энергиясын өндірудің тұрақтылығы мен болжамдылығының төмен деңгейімен сипатталатын ЖЭК объектілерін белсенді іске қосуға бағытталғандығын ескере отырып, Компания электр энергиясын өндіру мен тұтыну теңгерімсіздігімен байланысты тәуекелдерді азайту үшін маневрлік генерацияны дамытуға елеулі назар аударатын болады.

Халықаралық тәжірибеге бағдарлана отырып, жаңа орнатылған маневрлік қуаттардың үлесі ЖЭК объектілерінің орналасуына байланысты ЖЭК жаңа объектілерінің қуатының 20%-дан 60%-на дейінгі деңгейде болуға және белгіленген қуаттардың жалпы көлемінің шамамен 20% иеленуге тиіс. Осыған байланысты «Самұрық-Энерго» АҚ маневрлік генерацияны белсенді дамытуды көздейді, бірінші кезекте бұл ең жоғары жүктемелерді жабудың ең сұранысқа ие тәсілі ретінде бу-газ қондырғыларын (БГҚ) іске қосуды білдіреді.

«Самұрық-Энерго» АҚ ҚР Оңтүстік энергетикалық аймағында екі жаңа БГҚ іске қосуды жоспарлап отыр:

- «Түркістан» БГҚ (1 000 МВт);
- «Қызылорда» БГҚ (1 100 МВт).

Энергия қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты мәселелерді шешумен қатар, жаңа маневрлік қуаттарды енгізу электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында (ЭТН) электр энергиясын өткізу және жиілік пен қуатты автоматты реттеу жүйесін (ЖҚАР) қолдану мүмкіндігі есебінен «Самұрық-Энерго» АҚ үшін қосымша қаржылық пайда әкелуі мүмкін. Қолданыстағы нормативтік база ЭТН-де электр энергиясын шекті тарифке қосымша сыйлықақымен өткізу мүмкіндігін болжайды, бұл электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілерін Қазақстанның БЭЖ-дегі теңгерімсіздіктерді реттеуге қатысуға ынталандырады. Дегенмен, БРЭ-ге қатысудың ықтимал тәуекелдерін де ескеру қажет: біріншіден, БРЭ нормативтік базасын қайта қараудың жоғары ықтималдығы бар (нақты уақыттағы ЭТН тек 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап жұмыс істейді), бұл ЭТН-ге қатысудың ықтимал пайдасының төмендеуіне әкелуі мүмкін. Екіншіден, ЭТН-де маневрлік қуаттың қатысуының пайдасы теріс/оң теңгерімсіздіктерді, соның ішінде ЖЭК активтерінде туындайтын теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату қажеттілігімен теңестірілуі мүмкін.

Жаңа газ станцияларын салу жобаларынан басқа, маневрлік қуаттарға қолда бар ЖЭО-ны жаңғырту (станцияларды газға ауыстыру есебінен), сондай-ақ гидроэлектростанцияларды іске қосу және жаңғырту және СНЭ дамыту есебінен қолдау көрсетілетін болады. Бұл іс-шаралар тиісті бөлімдерде толығырақ сипатталған.

Жобаларды іске асыру кезінде «Самұрық-Энерго» АҚ жаңа маневрлік қуаттарының ЖЭК жаңа қуаттарына қатынасы 66,3%-дан асады, бұл халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді.

4.1.2. Қазіргі заманғы технологияларды қолдана отырып, қолданыстағы активтерді жаңғырту және реконструкциялау

Саладағы негізгі қорлардың шамадан тыс тозуы, электр энергиясын өндіруге қойылатын талаптардың артуы жағдайында және тұтастай алғанда қолда бар активтерді жоспарлы жаңартуға және жетілдіруге бағытталғандығын ескере отырып, «Самұрық-Энерго» АҚ жаңа объектілерді салумен қатар қолданыстағы активтерді жаңғыртуға және реконструкциялауға назар аударатын болады.

Осы міндет шеңберінде бірінші кезекте Екібастұз және Алматы қалаларында көмір генерациясының негізгі объектілерін белсенді дамыту көзделіп отыр. Екібастұз ауданында:

- ЕГРЭС-1-де №1 (500 МВт) энергия блогын қалпына келтіру және №3 (50 МВт) энергия блогын жаңғырту.

Алматы қаласында ағымдағы ЖЭО бөлігінде станцияларды жаңғырту және оларды көмірден газ отынына ауыстыру жоспарлануда:

- Маневрлік жұмыс режиміне ауыстыра отырып, Алматы ЖЭО-3 (371 МВт) нысанын қайта жаңарту;
- Алматы ЖЭО-2 нысанын жаңғырту (37 МВт);



- ЖЭО-1 нысанын кеңейту (80 МВт).
- Сондай-ақ, бірнеше ГЭС-ті жаңғырту жоспарлануда:
- «АлЭС» АҚ СЭС каскадын қайта құру және жаңғырту (~40-50 МВт);
 - ӨК ГЭС гидроагрегатын жаңғырту (белгіленген қуат көлемін өсірмей).

4.1.3. Уақтылы және сапалы техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жүргізу

